

Есбергенова Гульнар Исамадиновнаның 8D02304-Филология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Түркі лингвомәдениетіндегі гендерлік концептосфера» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Қазіргі заманғы қоғамда гендерлік қатынастар мен мәселелердің өзектілігі гендерлік лингвистикалық зерттеулердің маңыздылығын айтарлықтай арттырды. Әлемдік мәдени және философиялық тұжырымдар жүйесінде еркектік (маскулиндік) пен әйелдік (фемининдік) категорияларының концептосфералық негізде қарастырылуы тілдік зерттеулерге ғылыми тұрғыдан сенімді платформаны қамтамасыз етеді.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны – түркі лингвомәдениетіндегі гендерлік концептосфера, оның ішінде маскулиндік және фемининдік бейнелердің лингвомифологиялық, когнитивтік және мәдени тұрғыдағы көріністері. Зерттеудің өзектілігі гендердің мәдениеттегі рөлі, ерлер мен әйелдерге тән мінез-құлық нормалары, гендерлік нормалардың өзгерістері, сондай-ақ тіл арқылы қоғамға жеткізілетін гендерлік түсініктерді ғылыми тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді.

Бірінші бөлімде ғаламның гендерлік бейнесі дәстүрлі түсініктер мен мифологиялық, діни және философиялық бейнелермен үндесіп, заманауи интеграциялық рухани білімнің негізін құрайтыны дәлелденген. «Маскулиндік» (еркектік) пен «фемининдік» (әйелдік) ұғымдары ғаламның гендерлік бейнесін түсінудің негізгі категориялары ретінде мәдени метафоралар мен концепт ретінде теориялық тұрғыдан зерттелген. Сонымен қатар, бұл категориялар әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени өзгерістерге байланысты динамикалық сипатқа ие болып, тілде нақты көрініс табатыны көрсетілген. Бөлімде гендерлік белгілердің тіл деңгейіндегі көріністері, гендерлік концептосфераның концептуалдану тәсілдері және мәдениетаралық салыстырулар жүргізудің ғылыми негіздері жан-жақты сипатталған. Аталық-аналық бастауды, маскулиндік пен фемининдік концептілердің өзара қатынасын зерттеу арқылы диссертант гендерлік концептосфераның түркі мәдениетіндегі ерекшеліктерін, оның мифологиялық, символдық және тілдік бейнеленуін айқындаған. Мұндай талдау тілдік феномендерді терең түсінуге, олардың мәдени және ұлттық контексттегі мәнін ашуға мүмкіндік береді.

Екінші бөлімде зерттеудің теориялық мәні практикалық талдаулармен сабақтастырыла ашылған. Гендерлік концептосфераның маскулиндік және фемининдік салаларының кешенді талдануы зерттеуге жүйелі құрылым мен терең мазмұн беріп, түркі тілдеріндегі ұлттық және лингвомәдени ерекшеліктерді нақты сипаттауға мүмкіндік береді. Семантикалық, когнитивтік, аксиологиялық және әлеуметтік компоненттерді талдау концептілердің

көпаспектілігін, мәдени-когнитивтік мәнін анықтауға мүмкіндік туғызады. Зерттеу әдістемесінің кешенділігі және талдау ауқымы ғылыми дәлдік пен сенімділікті арттырады. Жалпы, бөлімнің нәтижелері гендерлік лингвоконцептологияны терең түсінуге және түркі тілдеріндегі гендерлік концептосфераның құрылымын айқындауға зор үлес қосқан.

Үшінші бөлімде Қазақстан мен Түркияда жүргізілген ассоциативтік эксперимент әдістемесі мен нәтижелері жан-жақты талданған. Эксперименттің ұйымдастырылуы жүйелі және ғылыми дәлдікке сай, бұл алынған деректердің салыстырмалы талдауына сенімді негіз береді. Жалпы, жүргізілген ассоциативтік эксперимент қазақ және түрік тілдеріндегі гендерлік концептосфераның қазіргі вербалдану ерекшеліктерін анықтауға тиімді құрал ретінде бағаланады. Алынған деректер гендерлік ұғымдардың отбасы құрылымы мен рөлдік қатынастардағы орнықты бейнесін көрсетіп, білім беру, медиа және лексикография салаларында қолдануға практикалық негіз береді.

Диссертациялық жұмыстың құрылымдық бөлімдері логикалық байланыста, тақырыптың мақсаты мен міндеттерін толық ашып, ғылыми жаңалық пен негізгі нәтижелерін нақты көрсетеді: түркі лингвомәдениетінде гендерлік концептосфераны зерттеудің әдістемелік ұстанымдары айқындалған, маскулиндік пен феминдік категориялар тілдік бейнелер мен концептуалды метафоралар арқылы моделденген, ал ассоциативтік зерттеу нәтижелері олардың когнитивтік және мәдени ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда сипаттауға мүмкіндік берген.

Аталмыш диссертациялық жұмыс тіл білімінің, оның ішінде түркі тіл білімінің гендерлік лингвистика бағытын дамытуға, түркі тілдерінің лингвомәдениеттанымдық зерттеу аясын кеңейтуге үлкен үлес қосады.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, **Есбергенова Гульнар Исамадиновнаның «Түркі лингвомәдениетіндегі гендерлік концептосфера»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысы **«8D02304 – Филология»** білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Бұл ғылыми жұмысты қорғауға ұсынамын.

Шетелдік ғылыми кеңесші,

Анкара Хаджи Байрам

Вели университетінің профессоры, PhD

Наджие Йылдыз

Анкара, Түркия
20.06.2025



“Esbergenova Gülnar Isamadinovna’nın 8D02304-Filoloji eğitim programı kapsamında, Felsefe Doktoru (PhD) bilimsel derecesini almak için hazırladığı ‘Türk lingu-kültüründe cinsiyet (gender) konseptosferi’ konulu doktora tezi üzerine”

RAPOR

Günümüz toplumunda toplumsal cinsiyet ilişkileri ve bu bağlamdaki sorunların güncelliği, toplumsal cinsiyet temelli dilbilimsel araştırmaların önemini artırmıştır. Dünya kültür ve düşünce sisteminde erkeklik (maskülenlik) ve kadınlık (feminenlik) kategorilerinin konseptosfer yaklaşımıyla ele alınması, dilbilimsel incelemeler için güvenilir bir bilimsel zemin sunmaktadır.

Esbergenova Gülnar Isamadinovna’nın tezi, Türk lingu-kültüründe toplumsal cinsiyet konseptosferini incelemektedir. Çalışmada maskülenlik ve feminenlik imgelerinin dilsel-mitolojik, bilişsel ve kültürel boyutlardaki görünüşleri araştırılmıştır. Konunun güncelliği; toplumsal cinsiyetin kültürdeki rolünün, erkek ve kadınlara özgü davranış normlarının, toplumsal cinsiyet normlarındaki değişimlerin ve dil aracılığıyla topluma aktarılan cinsiyet algılarının bilimsel açıdan çözümlenmesine imkân tanımasından kaynaklanmaktadır.

Birinci bölümde, dünyanın toplumsal cinsiyet üzerinden tasavvuru; geleneksel, mitolojik, dinî ve felsefî imgelerle bağlantılı olarak ele alınmış; maskülenlik ve feminenlik kavramları, kültürel metafor ve konseptler temelinde teorik olarak incelenmiştir. Ayrıca bu kategorilerin sosyal, siyasi, ekonomik ve kültürel değişimlere bağlı olarak dinamik bir yapı sergilediği ve dilde somut biçimde yansıdığı ortaya konmuştur. Bölümde, toplumsal cinsiyet göstergelerinin dil düzeyindeki tezahürleri, konseptosferin kavramsallaştırılma yöntemleri ve kültürlerarası karşılaştırmaların bilimsel temelleri ayrıntılı biçimde açıklanmıştır. Araştırmacı, ataerkil-anaerkil kökenler ile maskülenlik ve feminenlik kategorilerinin karşılıklı ilişkisini irdeleyerek, Türk kültüründe toplumsal cinsiyet konseptosferinin mitolojik, sembolik ve dilsel yansımalarını belirlemiştir.

İkinci bölümde, araştırmanın teorik çerçevesi uygulamalı analizlerle bütünleştirilmiş; maskülenlik ve feminenlik alanlarının kapsamlı değerlendirilmesiyle Türk dillerinin ulusal ve lingu-kültürel özellikleri ortaya konmuştur. Semantik, bilişsel, aksiyolojik ve sosyal bileşenlerin analizi, kavramların çok boyutlu yapısını ve kültürel-bilişsel değerini açığa çıkarmıştır. Yöntemsel çeşitlilik ve kapsamlılık, araştırmanın bilimsel doğruluğunu ve güvenilirliğini güçlendirmiştir.

Üçüncü bölümde, Kazakistan ve Türkiye’de yürütülen çağrışımsal deney yöntemi ve sonuçları ayrıntılı biçimde değerlendirilmiştir. Deneyin sistematik

biçimde ve bilimsel ölçütlere uygun olarak gerçekleştirilmesi, elde edilen verilerin karşılaştırmalı analizine sağlam bir dayanak teşkil etmiştir. Çağrışımsal deney, Kazak ve Türk dillerinde toplumsal cinsiyet konseptosferinin güncel sözlüksel görünümünü tespit etmede etkili bir yöntem olarak değerlendirilmiştir. Bulgular, toplumsal cinsiyet kavramlarının aile yapısı ve rol ilişkilerindeki işlevlerini somut biçimde ortaya koymakta; eğitim, medya ve sözlükbilim alanlarında uygulanabilecek pratik sonuçlar sunmaktadır.


Tez, amaç ve görevlerle uyumlu bir yapıya sahip olup, bilimsel yenilik ve temel bulgular açık biçimde ortaya konmuştur: Türk lingu-kültüründe toplumsal cinsiyet konseptosferini incelemenin yöntemsel ilkeleri belirlenmiş, maskülenlik ve feminenlik kategorileri dilsel imgeler ve kavramsal metaforlar aracılığıyla modellenmiş, çağrışımsal deney sonuçları ise bu kategorilerin bilişsel ve kültürel özelliklerini açıklığa kavuşturmuştur.

Sonuç itibarıyla söz konusu tez, dilbilimin özellikle Türkoloji içindeki toplumsal cinsiyet dilbilimi alanının gelişmesine ve Türk dillerinin lingu-kültürel inceleme sahasının genişletilmesine önemli katkılar sağlamaktadır.

Yukarıda belirtilen hususlar ışığında, **Esbergenova Gülnar İsamadinovna'nın** "**Türk Lingu-Kültüründe Toplumsal Cinsiyet Konseptosferi**" başlıklı doktora tezi, "**8D02304 – Filoloji**" eğitim programı kapsamında Felsefe Doktoru (PhD) derecesi almak için öngörülen tüm gereklilikleri karşılamaktadır. Tezin savunmaya sunulmasını uygun buluyorum.

Uluslararası Danışman,
Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi
Profesör, PhD

Naciye YILDIZ



Ankara, Türkiye
20.06.2025